

Материалы МНПК, посвященной 60-летию образования Института экономики КН МОН РК «Социально-экономическая и индустриально-инновационная модернизация Казахстана: проблемы и перспективы». – Алматы, 2012, с. 119-122

Темірбекова А.Б.

э.ғ.д., профессор

Қаймов М.

Халықаралық Бизнес Академиясы, Алматы қ.

АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңда отанымыздың дамуына қажетті ел шаруашылығының көптеген түрлерін білеміз. Олардың бірі үлкен шекараға, құнарлы жазық жайлауға тәуелді боп жатса, екіншілері арнайы технологиялардың көмегіне жүгініп жүрген жайы бар. Бұл – қуантатын жағдай. Кең байтақ жеріміздің әртараптанған ауыл шаруашылығының барша талаптарын орындай алатын қауқары жеткілікті екені – біз үшін мақтаныш, абырой. Солардың бірі және де табиғатта ара деген атты иемденген ерекше жаратылыстың пайдасы бар екендігін көбіміз біліп жатсақ та, бар қасиетін толық пайдалана алмай жүрміз. Осы жайтты ескере отырып, біз өз баяндамамызды өзектілігі баршаға аян ара шаруашылығына арнадық. Ара шаруашылығы – көптеген кәсіпорындарда қолданыс табатын, өте құнды өнім беретін маңызды мал шаруашылығының бір түрі. Ара шаруашылығының спецификалық өнімдері: бал, ара желімі, ара балауызы, ара тозаңы, аралық аналық сүт, ара уы т.б. ерекше бағалы болған сипатқа ие. Ара балының химиялық құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, ол өскен топыраққа, сол жердің ауа-райының жағдайына және балдың түрлеріне тығыз байланысты. Гүл балының құрамында 12-13 пайыз су, 0,4 пайыз белок, 0,3 пайыз күл, көмір сутегі, глюкоза, жүзім қанты, сахароза, мальтоза, т.б. бар. Және де В3, В5, А, С, Н, Е, К дәрумендері, минералды тұздар, ферменттер, сон-дай-ақ, химиялық элементтер (калий, кальций, фосфор, хлор, күкірт, натрий, темір, марганец, мыс, т.б.) кездеседі. Бұлардан басқа алма, жүзім, қымыздық тәрізді қышқылдар да болады. Ара балының сапасын, негізінен, хош иісі, дәмі, түсі, тығыздығы, ылғалдығы, қоректік, жабысқақтық қасиеттері арқылы анықтайды. Оның 1 келісі 3150 кал қуат береді [1]. Осындай алмастырушысы жоқ тауарлардың табиғатқа, әсіресе адамзатқа, берер оңтайлы қасиеттерінің арқасында медицинада жаңа бағыт – апитерапия пайда болды. Оның негізгі міндеті ара шаруашылығы өнімдерін медицинада қолдану өрісін кеңейту мен онымен емдеудің жаңа жолдарын ұсыну болып табылады. Бұл тауарлар профилактикалық, диетикалық және емдеу қасиеттерімен қоса, өте көп сұранысқа ие болып экономикалық тиімді шаруашылық екенін байқатты. Араның қасиеттері жеке ғылым ретінде қарастырылып жатқаны ара

шаруашылығының маңыздылығына дәлел келтіреді. Мысалға, бір ара отбасысы бір жаз мезгілінде 7500 – 16000 мың тенге көлемімен толығымен сатылып бітеді [2].

Ара шаруашылығын дамыту бүкіл аграрлық салаға оң әсерін тигізеді. Себебі, мақсары, күнбағыс секілді дақылдарды өсірген жағдайда ара бөлетін тозаң өсімдіктің тез жетілуіне, мол өнім алуға септігін тигізеді. Араларды сипттап өтер болсақ, ара – ара патшасы, еркек ара, жұмысшы ара деп үшке бөлінеді және де топтасып тіршілік етеді. Ара үйірі бір ғана ара патшасы мен бірнеше жүздеген еркек арадан және он мың-даған жұмысшы аралардан құралады. Ара патшасының бірден бір міндеті – жұмысшы араларға гүл тозаңын және бал жинату, балауыз шығарту, ұя салдыру, балапан құрттарды, ара патшасын, еркек араны бағу, ұяны тазалау қорғау міндетін атқарады. Еркек араның бірден – бір міндеті – ара патшасымен шағылысу. Араның бөліп шығаратын балауызы, улы сұйықтығы, балы дәрілікке жасалады [1]. Балдың химиялық құрамы шырын жинаған өсімдіктердің түріне, топырағына, ауа райының жағдайына және балдың түрлеріне байланысты болып келеді. Балды асқазан, бауыр, бүйрек, жүрек, өкпе, жүйке ауруларын емдеуге және суық тигенде қолданады. Алжүрек ауруы бойынша бүгінде Жамбыл облысының өзінде 8 мыңнан астам адам есепте тұр. Статистикалық мәліметтер бойынша, еліміздің оңтүстік аймағы, оның ішінде Жамбыл облысының тұрғындары арасында жүрек дертіне шалдыққандар саны көп. Ол шамамен 100 000 тұрғынға шаққанда 222,4 адамнан келеді екен. Сонымен қатар 2700 адам сырқаттанған асқазан қатерлі ісігі тұр [3]. Осы статистикалық көрсеткіштер ара шаруашылығының маңызын дәлелдей бермек. Ара балын косметикада, дәрі жасау өндірісінде пайдаланады. Яғни біздің еліміз үшін шағын және орта бизнестің жаңа буынын осында көруге болады. Жинау мен өңдеу – жаз және күз айларында омарта ішіне жиналған балды алу әдістері бойынша сауып алады. Дәрілікке жасалатын балды отқа жылытып, сұйылған сүзгіден өткізіп әзірлей-ді. Бал ақ және сарғылт түсті болады. Жаз, күз мезгілдері тұнық өсімдік майы тектес сұйықтау болып, қыс мезгілінде қоюланып, шекер өңдес іріткі кристаллға айналады. Яғни қант диабетімен зардап шегетін адамдар үшін қант алмастырушысы бола алады. Қант диабетімен ауырудың қарқынды өсуі - әлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының жаһандық проблемалардың бірі. Бүгінде ғаламшардың шамамен 200 млн. тұрғыны осы аурумен қасірет шегуде. Қазақстан Республикасының Ұлттық регистрі деректеріне сәйкес Қазақстанда 2008 жылғы 14 сәуірдегі ахуал бойынша 152098 адам диабетпен қасірет шегуде, оның ішінде 92 %- 2 типті диабетпен ауырады. Инсулиннің күн сайынғы инъекцияларын салуды күн сайын қажетсінетін адамдардың саны да артып келеді, олардың арасында диабеттің инсулинге тәуелді нысанымен (I типті) ауыратындар – 11 438 адам, негізінен жастар және 2 типтегі қант диабетінің асқынған нысандары – 15 887 адам [4]. Сөйте тұра мына статистикалық дерекке көз жүгіртіңіз. Қазақстанның әр

тұрғыны жылына орта есеппен небәрі 40 грамм ғана бал жейтін көрінеді. Бұл дәрігерлердің белгілеген мөлшерінен отыз есе аз. Бүгінде Қазақстан аумағында 73 мыңнан астам омарта бар, соның 70 пайызы Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Егер ара шаруашылығын кеңінен дамытсақ, жыл сайын экспортқа өткізу бағытында құны 70,8 миллион АҚШ доллары тұратын 17,7 мың тонна таза балды өндіруге болады. Бірақ ара шаруашылығы елімізде тұралап қалғандықтан, базарлар мен дүкендерде онсыз да аз өндірілетін бал қымбат тұрады. Балдың келісі көрші Қытайда 1,5 АҚШ долларына бағаланса, Шығыс Қазақстанда 7-8 доллар көлемінде. Себебі, бізде еңбек өнімділігі мүлде төмен. Бұл бір шай қасық қана. 1990 жылға дейін еліміз 10 мың тоннаға жуық ара балын шетке экспорттаған екен. Ал бүгінде ара шаруашылығына көптеп көңіл бөлінбеудің салдарынан 3 мың тоннаға жетер-жетпес бал шетке шығарылады. Онда да оның көбін жеке шаруашылықпен айналысатындар өндіреді [5].

Аралардың энтомофильді мәдениетпен тығыз байланыста екені барлығымызға мәлім. Елімізде 150-ге жуық әрілі-берілі тозаңдандыруды қажет ететін энтомофильді мәдениеттер бар. Ғалымдардың есебі бойынша, тек қана жыл сайын орманды аймағымызда балды 400-500 мың тоннаға жуық алуға мүмкіндік бар. Бал араларына (80-90%) мән көбірек беріледі. Тозаңдандыру әсерінен өнімділік 30-50%-ға жоғарылайды. Яғни өнімнің қоректендіргіш қабілеті артып, ауа тазартуларын жоғарылатуға мүмкіншілік береді. Жыл сайын ара тозаңдандыруының арқасында көрші Ресей елінде алынатын қосымша өнімнің көлемі ара шаруашылығының өнімінен 10-15 есе асады [6].

Мамандардың есептеуінше, Қазақстанда бал шаруашылығын дамытса жылына орта есеппен 5 миллион тонна өнім алуға болады екен. Сондықтан да балды экспортқа шығаратын тауарлардың қатарына қосу қажеттігі кезек күттірмес мәселе [7].

Аралармен жұмыс істейтін адамның психикасының тұрақтануына ара шаруашылығы әсер етеді, стресс күйлерін шешеді, организмнің барлық жүйелерін жұмысты жақсартады.

Осы саланы дамыту үшін қажет болған нәрселер:

- 1) селекциялық бағытта жұмыс атқаратын қызметтің болуы;
- 2) мықты жембазасының ұйымы болуы мен оны тиімді қолдануы;
- 3) саланың технологиялық жабдықтауын тиісті деңгейде болуын қамтамасыз етуі;
- 4) ара шаруашылығының өнімінің өткізу тұрақтылығына кепілдік берілетін нарық;
- 5) сапаны бақылау және ара өнімінің сертификациясы мен жабдықтарды басқаратын орталықтың жұмысының әбден жетілдіруі;
- 6) мамандандырылған кадрлар мен ара шаруашылығының өнімдерін алудың озық технологиялары болуы;
- 7) ұйымда айқын жұмыс істейтін мал дәрігерінің болуы.

Бір омартада 120 жәшік болады. Бір жәшік ара 200 мың теңге тұрады. Әр жәшікте 10 мыңнан 70 мыңға дейін жұмысшы ара тіршілік етеді. Осынша ара 30-35 күн ғана өмір сүреді. Бұдан соң олардың тіршілігін сонша ұрпақтарымен аналық ара арқылы жалғастырып отырады. Жәшіктің ішінде жаңа аралар өмірге келеді, олар ауру-сырқаудан аман болу үшін дәрі-дәрмек керек. Тіпті ауа райы дұрыс болмай, аралар жөнді қоректеніп алмаған кезде оларды қантпен қосымша тамақтандырады. Солтүстік Қазақстан облысында 2010-2012 жылдары омарташылыққа қатысты бағдарлама да қабылданған. Омарташылар қауымдастығы құрылып, базарлардан бал сатуға тегін орындар да бөлінді. Бірақ, аяққа тұсау болып отырған проблемалар жетерлік. Салық мөлшері жоғары, ара шаруашылығын қажетті алқаптар бұл өңірде жеткіліксіз. Ара шаруашылығы да мал шаруашылығы сияқты қолдауды қажет ететін сала. Мәселен, Польшада араларды емдейтін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді мемлекет өз мойнына алған. АҚШ-та араны тозандандыру кезіндегі шығындарды мемлекет өзі жауып отырады. Сондай-ақ, аралардың асылтұқымдыларын өсіру де бүгінгі күннің талабы. Ара өсірушінің орта жасы алпыстың асқарында жатыр. Сондықтан жас мамандар дайындау қажеттігі туындап тұр. Бірақ елімізде бұл сала бойынша дайындық мектебі мен қазақ-орыс тілдеріндегі оқу құралдары мүлде жоқ. Ара шаруашылығын зерттеуші, ғалым Виталий Рузановтың айтуынша, бұл салаға әуесқойлар емес, кәсіпқойлар керек. Тіпті бүкіл Шығыс Қазақстан бойынша бар-жоғы бес-алты ғана ара өсіруші бар екен. Облыстағы Ұлан ауданына қарасты Саратовка ауылында бұрындары ауылшаруашылық колледжі ара өсірушілерді дайындайтын. Бірақ, енді лицензиясы біткеннен кейін бұл курстың жабылу қаупі тұр. Ал Елбасы өз Жолдауында кәсіптік техникалық тараптағы мамандарды дайындауды да жолға қою қажеттігіне де айтып өтті емес пе?! Ара өсірушілерді тек ТМД көлемінде Рязандық институт қана дайындайды екен. Ендеше біздің үздік шәкірттерді сол жаққа оқуға жіберіп, мамандар дайындау кезек күттірмейтін мәселе [7].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев он жыл көлемінде үдемелі индустриялық-инновациялық дамытуды қолға алу арқылы ара шаруашылығын барлық облыстар көлемінде мүмкіндігінше дамытуды қолға алуды тапсырған болатын. Осы тапсырманы орындау мақсатында еліміз ара өсірушілердің халықаралық «Апимондия» бірлестігіне кіргені жөн деп ойлаймыз. Бұл бірлестік құрамында әлемнің экономикасы өрлеген жүз шақты мемлекеті бар. Екі жылда бір рет омарташы ғалымдар бас қосып, тәжірибе алмасып отырады. Көрмелерде әр ел өзінің үздік балын халықаралық деңгейде, экспорт бағытында насихаттауға тырысады. Сондықтан да болашағы зор бұл саланың біздің елімізде тұралап қалуына мемлекет тарапынан жол берілмеуі тиіс деп санаймыз. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деген осы екен деп, өкініп қалмаудың алдын алу біз үшін міндет. Сонымен бірге адамның он үшінші мүшесі секілді, ғаламшарымыздың кішігірім серіктері секілді болған, қажетті бұл

жаратылыстарды қорғауға алып, кәсіпте пайдалану елімізге үміт, кәсіпкерлерге мақсат болғай дейміз.

Пайдаланған әдебиет:

- 1 Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН. «Ара балының құндылығы» <http://www.info-tses.kz/red/article.php?article=57928>
- 2 Административно-территориальное устройство. Кировская область.- Киров, Администрация Кировской области, 1998. - 352 с.
- 3 Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ. «Жүрекке әжім түспегенімен, салмақ түседі» <http://i-news.kz/news/2011/11/24/6158844.html>
- 4 «Қазақстан Республикасындағы қант диабетімен ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсетуді жақсарту жолдары» атты «дөңгелек үстелге» арналған ақпараттық-талдау материалы http://www.ipd.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=199%3A200..&lang=kk&showall=1
- 5 Бекбол Қалдыбек. «Омартаның оң пайдасы көп» <http://writers.kz/journals/?ID=10&NUM=92&CURRENT=&ARTICLE=2715>
- 6 Ангелов С. Семьи с периодически отсутствующей маткой// Пчеловодство.-2003-№7.-с.60-62

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының инновациялық дамуындағы ауыл шаруашылығының маңызды тармағы - ара шаруашылығы туралы зерттеу жұмысы баяндалып, бұл саланың адам өмірі мен экологияны жақсарту, экономикалық дамыту мүмкіндіктері сипатталады.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о роли и значении для казахстанской экономики в условиях инновационного развития специфической отрасли сельского хозяйства – пчеловодства, перспективах его развития, значении пчеловодства для жизни и здоровья людей.

RESUME

The article consider the role and importance of Kazakhstan economy in terms of innovate development in specific sector of agriculture. Beekeeping is the prospects of its development, significance of beekeeping for life and health.

